



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазан айында инфляция Қазақстанның 8 өңірінде жеделдеді

Астана қ.

2024 жыл, 13 қараша

Қазан айында елде **жылдық инфляция** жеделдеп, **8,5%-ды** құрады (қыркүйекте – 8,3%). Жылдық инфляцияның 10 өңірде баяулағаны, 8 өңірде жеделдеп, 2-де өзгеріссіз қалғаны байқалды.

Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Астана қаласында және Маңғыстау облысында тіркелді.

Қазанда **азық-түлік** тауарларының бағасы 4,9%-ға дейін баяулады (қыркүйекте – 5,1%). Осы топтағы тауарлардың бағасы Алматы қаласында (7,4%) айтарлықтай жоғары, ал Түркістан облысында (2,7%) мейілінше төмен өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 7,8%-ға дейін жеделдеді (қыркүйекте – 7,6%). Ең жоғарғы мән Түркістан облысында (13,2%), ең төменгі мән Жетісу облысында (5,0%) тіркелді.

Қазанда **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы 14,3%-ға дейін жеделдеді (қыркүйекте – 13,6%). Сонымен қатар, Павлодар облысында баға (18,1%) жалпы республикалық деңгейден біршама жоғары, Алматы облысында (8,3%) айтарлықтай төмен өсті.

Қазанда ел бойынша **айлық инфляция 0,9%** болды. Бұл бұрынғы орташа мәнінен жоғары (2017-2021 жылдардағы қазанда 0,7%).

Толық ақпарат Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#) бар.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz